



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

шектелмейді. «Себебі, ол төл әдебиетімізде өзіндік мектебі, мәнері, шәкірттері бар қаламгер. Бұл бақыт – кез келген жазушының маңдайына жазыла беретін қасиет емес. Ал, біздің Бейімбет – сондай бақытты қасиеттің адамы» [3, 213б]. Белгілі әдебиетші-ғалым Б.Кенжебаев жазушы мұрасына қатысты: «Жалпы Бейімбеттің таланты, шығарымпаздық шама-шарқы тереңнен бірқалыпты бұрқылдап қайнап шығып жатқан, ешқашан тартылмайтын көп көзді, төбесі күн сәулелі аспан, төңірегі көкөрай шалғын көк бұйра ағаш, солар бетінен айнадағыдай көрініп тұратын үлкен мөлдір бұлақ тәрізді», - деп пікір білдіреді. «Майлин – қазақ кедейінің, жұмсақ юморы, халық даналығы дарыған, еңбекқор және арманшыл қарапайым ауыл қазағының ойы мен мүддесін білдіруші», - деген З.Шашкин пікірі суреткер шығармашылығының негізгі идеялық түйінін, басты ерекшелігін көрсетіп тұрғандай [4, 207б].

Сонымен, әдебиет – ар-иман, инабат құралы. Бейімбет Майлин қаламынан туған шығармалар қазір де өзектілігін жоймай, бүгінгі күн мәселелеріне жауап бере алады. Өйткені, оның шығармаларының тамыры тереңде, халық тағдырымен біте қайнасып жатыр. Қаламгер қандай мәселені көтерсе де арқауында шындық жатыр. Бейімбет шығармашылығын зерттеушілердің бірі Тоқтар Бейісқұлов қаламгердің бұл шеберлігінің сыры туралы өзінше ой қорытып: «Әдетте нағыз қаламгер көп жүргенді, елді, жерді аралағанды, өмірді өз көзімен көруді қалайды, барлап, зерттеп ой қорытады. Сондықтан да ол үнемі өмірден өз кейіпкерін іздейді. Жүрген жолында, болған жерінде әрқилы тағдырлы адамдармен кездесіп, олардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, тұрмысын бақылап, жүрек түкпіріне түйеді», - дей келе негізгі себеп – жазушылық пен журналистікті ұштастыруда деп түйіндейді. Қаламгердің мазмұны терең, көркемдігі кестелі, ойы ұшқыр туындылары талай ұрпақтың рухани азығына айналып, сан алуан зерттеулердің нысаны болып, өз мәнділігін мәңгілік жоймайтынына, талай оқырманның көкірек көзіне ой салып, көңілінен шыға береріне, сөз өнерінің қиын да күрделі жолына түскен өнер адамдарының бағыт алар темірқазығы болары анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері А., «Қазақ университеті», 1992- 352 б.
2. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлиннің прозасы А., 1967-255 б.
3. Омаров І. Бейімбет хақында бірер сөз. 1988- 397 б.
4. Би аға. (Бейімбет Майлин туралы естеліктер), Құраст.Бейісқұлов Т, А.,1991- 304 б.

ӘОЖ 81' 354

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ АҚБІЛЕК ПРОТОТИПИ

Кенжебай Аяулым Қасымқызы

aiaulym_02_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

филология факультеті «5В020500»- филология: қазақ филологиясы мамандығының студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ. д., профессор Үсен А. Ә.

«Ақбілек»-романы – қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға – Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды». «Ақбілек» романы – өткен ғасыр әдебиеті болса да бүгінгі күнгі оқырмандарың жалықтыра қоймай, керісінше, қызығушылығына ие болған және аса шеберлікпен жазылған көркем туынды. Ақбілек образы көпшілік үшін тек кітап шеңберіндегі оқиға желісімен ғана таныс. Ақбілек бейнесін жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың адамның жан дүниесін сондай шынайы беруі – оның асқан психолог екенін

дәлелдейді және мәлімдеп отырған оқиғалар тізбегінде Жүсіпбектің кейіпкер болуы мүмкін немесе Ақбілек өмірде болған оқиға болуы мүмкін.

Жүсіпбек Аймауытов өзінің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына жазған хатында «Ақбілек» романы жайлы: «Екі жарым ай болды. Үйден түзге шықпағаным. Не істеді десеңіз, «Қылауытта» жатып бір роман жазып бітірдім. Бар ойым, ынтам, рухым, сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті қымбат ағаны ұмытып кете жаздаппын» деп жазады. Хатта айтылғандай бәрің ұмытқан Жүсіпбек «Ақбілек» романы арқылы ХХғасыр басындағы әйел тағдырын ашып көрсетіп және қазақ даласына қауіп төндірген отаршылдық езгінің зардабын баян етеді. Ақбілек романның дүниеге келуіне себепкер кейіпкер болғанмен оның ортасы шығарманы мүлде дамыта түседі.

«Ақбілек» романың бастан аяқ көз үзбей зер салып оқысаңыз жан түршігерлік әйел баласына жасалған осындай зорлық-зомбылықты өтірікке шығарып, Жүсіпбек қиялы деуіміз мүмкін. Бірақ Жүсіпбек қиялына емес ақиқатқа сүйеніп, ХХғасыр басындағы қазақтың мүшкіл халін суреттеді. Ақбілектің басынан өткерген әр оқиғасы Жүсіпбек жазып көрсеткендей өмірде болған және бүкілі бір адам басында болған ащы ақиқат.

«Ақбілек трагедиясы – осы бүкіл халықтық трагедияның бір ұшқыны. Ақбілекті ақ соладаттарының алып қашып кетуі, оны қара мұрт офицерінің әйел қып ұстауы – бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық».³ Ақбілектің өмір сүру үшін арпалысы, Қара мұрттының тұтқынынан босап, жол бойында қасқырлармен алысып, кейін диуанамен бірге өз ауылына қарай жол тартады. Ауылына жеткен Ақбілекті «қыз» емес «әйел» деп, әкесі Мамырбай қызынан жиіркеніп, қызына бір ауыз сөз айтуды артық көріп, үй ішінде Ақбілекпен қатар отырмауға тырысады. Жігіті Бекболат та теріс бұрылады. Өз әкесі бас тартқан Ақбілекке жеңгесі Ұрқия ғана сырлас болып, өмірден түнілген Ақбілекке жол сілтейді. Ақбілек қара мұрттыдан аяғы ауыр болып, ешкімге айтпай Ұрқия жеңгесі көмегімен босанады. Қаладан Төлеген ағасы келіп, Ақбілекті оқытуға өзімен бірге алып кетеді. Ақбілек жаңа тұрмысқа тез бой түзеп, қараңғы түнектен сыртқа шыққандай білімді, көзі ашық адамға айналады. Жалынды жастық шағында тіл үйреніп, сауатын ашып, қала өмірінің тынысына бой үйретеді. Ақбалаға ғашық болып, махаббат хикаясын өткереді. Бірақ Ақбала Ақбілектің өткен өмірін қабыл етпей, ол да Ақбілектен теріс бұрылады. Туған еліне қайтқанда Ақбілек мүлдем жаңаша кейіпте оралып, Ақбаланың досы Балташпен көңіл жарастырып, туған еліне бірге аттанады. Өскен, өнген ортасына Ақбілек мүлдем жаңаша кейіпте оралып, әкесі Мамырбай жылы жүзімен қызын қарсы алып, баяғы тастанды еткен баласымен қауышып, Ұрқияға баласын аманат етеді. Ел ішінде абыройға ие болған «Ақбілекті» біз осылай ғана білеміз. «Ақбілек» жалғасы бар әрі өмірде болған оқиға.

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар...»³ – деп басталатын романның дүниеге келуі Жүсіпбектің Алтай аймағына, Күршім мен Марқакөл аудандарына сапар шегуімен тікелей байланысты. Жүсіпбек әу баста кейіпкерін іздеп жолға шыққан жоқ. Елге пайдам тисе, азаматтарына білім беріп, сол елдің тұрғындарына мәдениет үйін ашсам деген арманмен жолға шығады. Қазіргі Қаратоғай мен Егіндібұлақ деген жерге мектеп салу жұмыстарына кірісіп, Алтай өңірін аралағанда Ақбілек жайында әңгімелер құлағына шалынып, романның жазылуы осылай бастау алады.

"Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен жандамайлап ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр, бейсауат. Көтегейі - Күршім жақ, бет алысы - Қаракем шаты. Қаракем шаты - жартас, дәл аясы - шұңқыр, көгал"³-деген жолдарда жер-су атауларына кездесеміз. «Мұндағы Қаракем шаты - Қарасеңгір тауындағы қазіргі аталып жүрген Торғай сайы. "Дәл аясы - шұңқыр, көгал" дегені, осы сайдан шыға келгендегі қазіргі Қаратоғай ауылы тұрған жер, Қалғұты өзені бойындағы көгалды жазықтық. Уақиғаға байланысты романдағы жер аттары Бөкенбай тауының теріскей беті, Терісайрық бойындағы Маубас пен Қарасеңгір бауырындағы Қаратоғай ауылы аралығында.

«Енді үшеуі: қалпағы бар, мылтығы бар, қылышы бар, көк шекпенді, қоқандаған, қоқиланған жат адам»³ деп шығарма басында айтылатын бұл суреттеулер қызыл әскерлерге

бағытталған. 1918 жылы Қазақстанның кейбір жерлерінде Азамат соғысы болып, большевиктер мен Кеңес үкіметін жақтаушы «қызылдар» деп аталып, оларға қарсы топ «ақтар» деп аталды. Екі жақтың соғысы нәтижесінде қазақ еліне қауіп төніп, ел ішінде бүлік көбейіп, талай отбасыны талан-тараж етті. Ұлдарын соққыға, қыздарын құмарын қандыруға пайдаланып, қазақ елі зорлық-зомбылықтан көз аспады. Қызылдардың жай жатқан Ақбілек ауылына, оның отбасына, жеке басына тигізген залалы

Жүсіпбек шығармашылығына арқау болды.

Айналып Терісайрықты келе алмадым,

Шіркін-ай, Ақбілекті көре алмадым.

Айналам көре алмас қыруар жау,

Оларды жалғыз өзім жеңе алмадым.

-

деген өлең жолдарын бірі – ауыз әдебиеті десе, кейбірі-Жүсіпбектің Ақбілекке арнауы деп ұғады. Кім қалай қабылдаса да «Ақбілек» көптің жүрегінде сақталды.

Талқыға түскенде көпке ой салар «Ақбілек» романы жайында бірнеше жылдар алдын «Менің өлкем» газетінің 25 санында журналист Аян Өрібаев «Жуықта бізге Глубокое ауданының Перевальное (ескі атауы Жыланды) ауылынан тұрақты оқырманмыз хабарласқан еді. Әңгімелесе келе, Аймауытовтың «Ақбілек» романы жайлы оның тың дерегіне өлең ете түстік. Аталған ауылға ат басын бұрғанымызда қазынаға бергісіз құнды мәліметтердің тиегі ағытылды. Сөйтсек, біздің келгеніміз үйіміз – Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек прототипі – Дариға Әбішқызының немересі Мұрат Өтеулиннің (Өтеулі немересі) шаңырағы болып шықты» деп елге жайған еді. Аңғарғанымыздай жоғарыда келтірілген дәлелдерді тағы да шындыққа айналдырған мақаланың «Сүйінші» хабар боп елге тарауы бізге талай дүние жұмбағы кілтін ұсынды. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек прототипі - маркалық Дариға Әбішқызы.

Ақбілектің, яғни, Дариға Әбішқызының немересі Мұрат Өтеулин 2008 жылы өмірден өткен. Дариға апамыз жайында елге белгісіз болған жайттарды М.Өтеулиннің жары Күлзайра Токтарбайқызының білгендері арқылы бөліскен журналист Аян Өрібаев мақаласынанан: « – Менің жұбайым Мұрат Өтеулин – Дариға Әбішқызының туған немересі. Алты жасына дейін сол әжесінің қолында өскен. Дариғадан Әмірқұмар туады. Ол – Мұраттың әкесі. Атамызды көзі тірісінде елдің бәрі Шәукен деп атайтын. Шіркін, тірі болса Мұрат әжесі жайлы керемет естеліктерімен бөлісер еді. Амал қанша, ол енді арамызда жоқ. Дариға апа жұбайым Мұратты алты жасына дейін бағып-қаққан,⁴ – деген Күлзайра апайдың айтуына қарағанда ақтар мен қызылдар соғысынан ел ішінде тыныштық орнап, Кеңес үкіметі өз билігін орнатып, қазақ ауылдары баяғы тіршілігін қайта жалғастырады. Дариға Әбішқызы мектеп ашып, ауыл балаларын сауатты болуға шақырып, Зайсаннан оқулықтар алдыртып балалардың білім алуы үшін бар жағдайды жасайды. Күнкөрісі қиындап, бір үзім нанға зәру болған отбасыларға көмек қолын созады. Ауылында үлкен беделге ие болып, халықтың қамқоршысына айналады. 1928 жылы «Бай шаруаларын тәркілеу» туралы жарлыққа байланысты Дариға апамыз бен оның жары Өтеулі «болыс тұқымы» деген айып тағылып, қудаланады. Бірақ Дариға апамыз бен Өтеулі отбасы Қытайға қарай бағыт алып, сол жақты паналайды. Елінде бұйырмаған тыныштық Қытайда да жалғасын тауып, дүнгендер тарапынан «қашып келгендер» деп соққыға ілігеді. Өтеуліні тірідей қылышпен тураған дүнгендер Дариға апамыз бен онымен еріп келгендерге келген жерлеріне қарай қайта кетуін талап етеді. Бір түнде қайың сіңлісі көмегімен бұрынғы Боран кеңшарының бөлімшесіне көшіп келеді. Осы кезде Дариға Әбішқызы қызынан айырылады. Дүнгендердің соқпағынан қашып, шекара әскерлеріне тегін шинель, тон, галифе шалбарларын тігіп, Өтеулі тұқымын қоғау үшін бар ауырпалықты көтереді. Кейіннен туыстары Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылына көшіп кетіп, сол жақты мекендеп қалып қояды. Ұлы Әмірқұмар 11 жылдық мектепте оқып, 1941 жылы соғысқа аттанып, Курск түбіндегі соғыста бір аяғынан айырылып елге оралады. Әмірқұмар алғашқыда есепші, кейін мұғалім болып жұмыс жасайды. Дариға

апа соғысқа аттанып, оралмаған ер азаматтарына күйінген әйелдер мен жетім-жесірлерді жинап, тіршілік ету үшін тігіс тігуді үйретіп, үйсіздерге пана болып, талай жан дертіне қолынан келгенше көмектеседі. 1956жылы Жаңауылда ұлы Ниязбектің қолында ауырып жан тапсырады.

Дариға апаның немересі Мұрат Өтеулин үйінің төрінде Дариға Әбішқызының суреті ілініп тұр. Бұл суретті зайсандық суретші Түсіпхан Мұстафин салған. Немере келіні Күлзайра апа бұл суреттің талай рет жерге құлағанын айтып, бірақ еш сынбағаны қасиетінен шығар деп жориды. Өмірі осылай өрбіген Дариға апамыз құрметіне Терісайрық жағасындағы ұзын қырқа «Ақбілек» атанып кеткен.

Шығарма мен Қытайға ауғанға дейінгі Ақбілектің өмірі. Дариға Әбішқызымен сөзі жарасқан 1970 жылы 85 жастағы Сұраубай келіні Дина әженің айтуынша, Дариға – Зайсан мен Семей қалаларында оқу оқып, білім көкжиегін кеңейтеді. Қалжыр бойындағы Қазақстан (Шегір) ауылында болыс атанады. Бірінші күйеуі ерте қайтыс болып, Терісайрық бойындағы Көккөз атанатын рудың азаматы Өтеулі молдаға тұрмысқа шығады. Болыс болған шағында Жүсіпбектің сырлас әрі мұңдас достары Зейнолла мен Құнапияға қамқорлық жасайды. Олар Қаратоғай мен Егіндібұлақта мектептің салынуына жол көрсетсе, жолдасы Өтеулі мешіт ашуына көмегін көрсетеді. «Ақбілек» романында Ақбілектің бақытты болуымен аяқталғанымен өмірде шығармадан кейінгі өмірі мүлде шиеленісіп, басынан талай ауырпалықтарды өткереді. Зейнолла 1928жылы Кеңес үкіметінің қаһарына ұшырап қайтыс болса, 1931жылы Жүсіпбек ату жазасына кесіліп, ашаршылық жылдары Қытайға қарай бас сауғалағандар қатарында кеткен Ақбілетің образы жалғасын таппау себебі де осы.

Дариға Әбішқызының кенже ұлы – Ниязбек Қоқымбаев математик болған. Өскеменде жоғарғы оқу орнын оқып, Алматыда оқуын жалғастырады. Кейін Боран ауылында, Теректіде (қазіргі Марқакөл ауылы) математика пәнінен сабақ оқытқан. Ниязбек әйелі Мағишат екеуінен жеті бала бар, екеуі қайтыс болған.

Өмірғұмардан Мұрат, Сәжида, Қажымұрат, Сейітмұрат, Күланда, Гүлбадан атты алты бала тарайды.

Егер де Жүсіпбек тірі болғанда Ақбілек бейнесі том-том кітап болып, бір әйел баласы тартқан қайсар ана азабын Жүсіпбек құр ауыз сөзбен емес, жүрегімізді езіп жіберер дәрежеде көркем сөзбен көркемдеп жазар еді. Ақбілектің оқиғасынан бөлек Ақбілектің ішкі сезімдерін ақтара, жан күйзелісін толық ашып, оқырманның Ақбілекті толықтай тануы үшін бар шеберлігін іске салып әлем сүйсінер шығарма, бүкіл ел бас иер тамаша туынды дүниеге әкелер еді. Ғасырдың жартысына тең болған аралықты қамтыған Ақбілек оқиғасымен бірге қазақтың тарихы баяндалып, бүгіннің ұрпағы бабалар ісіне алғыс айтып, құрметпен қарар еді. «Ақбілек» романы арқылы қазақ әдебиеті даму шыңы жоғарылап, «қазақ әйелінің басындағы сан қилы тағдырларды» әшкерелеген қаншама жазушыларымыз мұрасы талайға мәлім болар еді. Жүсіпбектің «Ақбілегі» көркем шығармадан бөлек тарихи шындықтың бір көрінісі.

Қорыта айтқанда, «Ақбілек» романын әлі де зерттеу керек. Өйткені біз білген ақпараттар аясында Ақбілекке баға бере алмаймыз. Жүсіпбек мұрасы тоқтап қалған жоқ. Оны ары қарай дамытып, Ақбілектің романнан бөлек тағдырын көркем шығармаға айналдыру керек. Ақбілек арқылы тарихымызға шолу жасап, көптеген құпиялардың сырын ұғар едік. «Ақбілек» романы – тарих пен әдебиетті қатар жалғаған тамаша туынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрысбек Р. Жазушы еңбегі және шығармашылық: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 228б.
2. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұр» баспасы, - 2007. Т.4. – 424б.
3. Аймауытов Ж. Ақбілек – Астана: Елорда, 1998, 325б.
4. Өрібаев А. Шығыс Қазақстан облыстық «Менің өлкем» газеті, №25© e-history.kz